

Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жанақорған аудандық мәслихатының 2014 жылғы 09 қыркүйектегі N 229 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 қыркүйектегі N 4764 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жанақорған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы N 03-14/18 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жанақорған аудандық мәслихатының 25.02.2015 N 03-14/18 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Жанақорған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, мәдениет, білім берудің педагог қызметкерлеріне және ветеринария саласындағы мамандарға, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жанақорған аудандық мәслихатының
кезекті XXXV сессиясының мәслихат хатшысы
Жанақорған аудандық төрағасы*

*Т. Мамуов
А. Налибаев*